

## Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы материалдық көмек көрсету туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 15 наурыздағы N 5-146 қаулысы. Алматы облысының әділет департаменті Талдықорған қаласының әділет басқармасында 2010 жылы 07 сәуірде N 2-1-118 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 06 қаңтардағы N 1-14 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2011.01.06 N 1-14 Қаулысымен**

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 95-бабына, Қазақстан Республикасының "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20-бабына сәйкес, Талдықорған қалалық мәслихатының 2010 жылдың 3 ақпанындағы "2009 жылғы 10 желтоқсандағы "Талдықорған қаласының 2010-2012 жылдарға арналған бюджеті туралы" N 158 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (2010 жылғы 12 ақпандағы Талдықорған қаласының Әділет басқармасында Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 2-1-113, 2010 жылғы 19 ақпанындағы "Талдықорған" газетінің 8-нөмірінде жарияланған) N 165 шешімін орындау мақсатында қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне әр қайсысына 50000 (елу мың) теңгеден, 10800000 (он миллион сегіз жүз мың) теңге сомасында біржолғы материалдық көмек көрсетілсін.

2. "Талдықорған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесі (Ш. Мұхаметжан) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне "Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" бағдарламасы бойынша төленуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М. Көлбаева жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*С. Жылқайдаров*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК